

Арқалық қаласында жүк таситын және арнаулы автомобильдер шығару жөніндегі "ГАЗ-АРМАШ" бірлескен кәсіпорнын құру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1994 жылғы 2 желтоқсан N 1360

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "АРМАШ" акционерлік қоғамы негізінде Арқалық қаласында жылдық бағдарламасы 5000 жүк таситын және арнаулы автомобиль шығаратын "ГАЗ-АРМАШ" Қазақстан-Россия бірлескен кәсіпорнын құру туралы Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің, Торғай облысы әкімінің және "АРМАШ" акционерлік қоғамының бастамасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті "АРМАШ" акционерлік қоғамын шетел құрылтайшыларының қатысуын ескере отырып, жекешелендіретін болсын.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Қазақстанның

Мемлекеттік даму банкімен бірлесіп, Арқалық қаласындағы жүк таситын және арнаулы автомобильдер шығаруды дамыту үшін инвестициялар тарту мүмкіндігін іздестірсін.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі автомобильдер жасау мәселелері жөнінде ғылыми, тәжірибе-конструкторлық және жобалау жұмыстарын жүргізуде "ГАЗ-АРМАШ" бірлескен кәсіпорнына көмек көрсететін болсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
бірінші орынбасары